тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жоюға; vii. ұйымға мүлікті беру арқылы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына өтемақы ұсынуға байланысты өзгерістер енгізуге; 9) Заңның <u>9-2-бабының 4-тармағына</u> сәйкес микроаржы омбудсманына жазбаша жүгінуге; 10) Өтініш беруші кредиттік бюрода немесе «электрондық үкімет» веб-порталында жеке тұлғаның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуын тегін белгілеуге немесе оның күшін жоюға құқылы; 11) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Компанияға жазбаша жүгінуге құқылы. 12) өтініш негізінде айына бір реттен жиі емес, тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Шарт бойынша берешекті өтеуге келіп түскен ақша қаражатының негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөлінуі туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға; 13) Шарт бойынша берілген ақша қаражатын мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш берген кезде ұйымнан тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылуға жататын соманың мөлшері туралы негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бойынша бөлініп көрсетілген ақпаратты жазбаша түрде алуға; 14) қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде ұйым ұсынған жақсартылған талаптардан Шартта көзделген тәртіппен бас тартуға; 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға. 2.2. Қарыз алушы міндетті: 1) Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Шартта белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеуге;	Договору путем передачи организации имущества; 9) письменно обратиться к микрофинансовому омбудсману в соответствии с <u>пунктом 4 статьи 9-2 Закона</u>. 10) Заявитель вправе бесплатно установить или отменить в кредитном бюро или на веб-портале «электронного правительства», добровольный отказ физического лица от получения микрокредита. 11) письменно обратиться в Компанию при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам; 12) по заявлению получить в срок не более трех рабочих дней безвозмездно не чаще одного раза в месяц информацию в письменной форме о распределении на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени) поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору; 13) по заявлению о частичном или полном досрочном возврате организации предоставленных по договору денег безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней получить в письменной форме сведения о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени); 14) в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий договора в сторону их улучшения для заемщика отказаться от предложенных организацией улучшающих условий в порядке, предусмотренном договором; 15) осуществлять иные права в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Договором; 2.2. Заемщик обязан: 1) возвратить полученный микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, которые установлены Договором; 2) представлять документы и сведения, запрашиваемые Кредитором в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
---	--

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кредитор сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кредитормен жасалған Шартта белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.	3) выполнять иные требования, установленные законодательством Республики Казахстан и Договором, заключенным с Кредитором.
3. Кредитордың құқықтары мен міндеттері 3.1. Кредитор құқылы: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіппен және талаптарда, Қарыз алушының қосымша келісімін алмай-ақ, құқықтарды (талаптарды) беру туралы шарт (цессия) жасасу арқылы Шарт бойынша талап ету құқығын (талапты) үшінші тұлғаларға беруге; 2) Шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Қарыз алушыдан сұратуға, сондай-ақ Кредитордың микрокредиттер беру қағидаларында айқындалған Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті Қарыз алушы ұсынған кез келген ақпаратты тексеруге; 3) Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы; 4) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге; 5) атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алуға; 6) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оған қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсына отырып, берешекті сотқа дейін өндіріп алу мақсатында Қарыз алушының берешегін өндіріп алу туралы коллекторлық агенттікпен шарт жасасу арқылы коллекторлық агенттікті тартуға;	3. Права и обязанности Кредитора 3.1. Кредитор вправе: 1) уступить право (требование) по Договору третьим лицам путем заключения договора уступки прав (цессии) без получения дополнительного согласия Заемщика, в порядке и на условиях в соответствии с законодательством Республики Казахстан; 2) запрашивать у Заемщика документы и сведения, необходимые для заключения Договора, проверять любую сообщаемую им информацию, которые необходимы для заключения Договора и исполнения обязательств по нему, определенных Правилами предоставления микрокредитов Кредитора; 3) изменить условия Договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика; 4) требовать досрочного возврата суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более, чем на 40 (сорок) календарных дней; 5) взыскать задолженность на основании исполнительной надписи; 6) привлекать коллекторское агентство при допущении Заемщиком просрочки исполнения обязательств по Договору путем заключения договора с коллекторским агентством о взыскании задолженности с Заемщика в досудебном порядке, с предоставлением ему всей необходимой информации и документов в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; 7) Передать информацию о нарушении Заемщиком срока возврата Микрокредита в кредитные бюро, с которыми у Кредитора заключены соответствующие договоры. 8) В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком

7) Қарыз алушының Микрокредитті қайтару мерзімін бұзғаны туралы ақпаратты Кредитор тиісті шарттар жасасқан кредиттік бюроларға беруге; 8) Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Қарыз алушыдан Шарт бойынша берешекті және микрокредит сомасын тиесілі сыйақысымен бірге мәжбүрлеп өндіріп алу, тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талаппен сот және өзге де органдарға жүгінуге, бұл ретте мемлекеттік бажды, сот және өзге де шығындарды Қарыз алушының есебіне жатқызуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының кез келген мүлкіне өндіріп алуды қолдануға және Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өндіріп алуға байланысты Кредитор шеккен өзге де шығындарды өтеуді талап етуге; 9) Кредитор Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан бұзылған немесе шектелген өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы. Кредитордың талабы бойынша Қарыз алушы осыған байланысты Кредитордың/үшінші тұлғаның барлық шығындары мен залалдарын, оның ішінде шектелмей әкімшілік, сот шығындарын, сондай-ақ сотқа дейін өндіріп алуға байланысты шығындарды өтеуге; 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы. 3.2. Кредитор міндетті: 1) Микрокредит сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында берілген кезде, микрокредит сомасын қайта қаржыландырылатын банктік қарызды (микрокредитті) берген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банктік шотына	своих обязательств по Договору, применить меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе обратиться в судебные и иные органы с заявлением о принудительном взыскании с Заемщика задолженности по Договору и возврату суммы микрокредита вместе с причитающимся вознаграждением, уплате неустойки, с отнесением государственной пошлины, судебных и иных расходов на счет Заемщика, в том числе путем обращения взыскания на любое имущество Заемщика в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан, а также требовать оплаты иных расходов, понесенных Кредитором в связи с взысканием суммы задолженности Заемщика по Договору. 9) Кредитор вправе совершать любые действия, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан, для защиты собственных прав и интересов, ущемленных или нарушенных вследствие неисполнения или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по Договору. По требованию Кредитора Заемщик оплачивает все связанные с этим убытки в виде расходов и затрат Кредитора/третьего лица, включая без ограничения административные, судебные расходы, а также расходы, связанные с досудебным взысканием. 10) осуществлять иные права, в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Договором. 3.2. Кредитор обязан: 1) при выдаче Микрокредита с целью внешнего рефинансирования задолженности, получить согласие Заемщика на зачисление суммы микрокредита на банковский счет банка второго уровня (организации), выдавшего рефинансируемый банковский заем (микрокредит) и произвести перечисление денег на банковский счет указанного банка второго уровня организации) с указанием в назначении платежа сведений о заемщике (фамилия, имя, отчество (при его наличии)),
---	---

аударуға Қарыз алушының келісімін алуға және көрсетілген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банктік шотына ақша аударуды жүзеге асыруға, төлем мақсаты ретінде қарыз алушы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндерін көрсетуге; 2) Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеу есебіне ақшаны қабылдауға, бұл ретте есептелген сыйақыны ұстап қалуға, қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе өзге де айыппұл санкцияларын өндіріп алмауға; 3) Қарыз алушының өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес, тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша түрде Шарт бойынша берешекті өтеуге келіп түскен ақша қаражатының негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөлінуі туралы ақпарат ұсынуға; 4) Қарыз алушының Шарт бойынша Кредиторға берілген ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша, өтеусіз түрде 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылуға жататын соманы негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып хабарлауға; 5) Шартта көзделген тәртіппен Қарыз алушыны Шарт талаптарының оның жағдайын жақсарту жағына қарай өзгертілгені туралы хабардар етуге; 6) міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда, ол басталған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және Шартта белгіленген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы Қарыз алушыны хабардар етуге. 6) -1.Хабарламада мыналар қамтылуға тиіс: а. хабарламада көрсетілген күнгі жағдай бойынша Шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;	индивидуальный идентификационный номер), а также номерах и датах договоров банковского займа (договоров о предоставлении микрокредита); 2) принять деньги от Заемщика в счет частичного либо полного досрочного погашения микрокредита с удержанием начисленного вознаграждения, без взимания неустойки или иных видов штрафных санкций за возврат; 3) по заявлению Заемщика безвозмездно не чаще одного раза в месяц представить в срок не более 3 (трех) рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени) поступающих денег в счет погашения задолженности по договору; 4) по заявлению Заемщика о частичном или полном досрочном возврате Кредитору предоставленных по Договору денег безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней сообщить ему размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени); 5) уведомить Заемщика об изменении условий Договора в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном Договором; 6) при наличии просрочки исполнения обязательства не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты ее наступления уведомить Заемщика способом, предусмотренным договором, а также через цифровые объекты, в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан; 6) -1.Уведомление содержит: а. размер просроченных платежей по договору на дату, указанную в уведомлении; б. требование о внесении просроченных платежей по договору а; с. разъяснение последствий неисполнения заемщиком обязательств по договору;
---	---

b. Шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап; c. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының салдарын түсіндіру; d. Қарыз алушының Заңның <u>9-2-бабының 2-тармағында</u> белгіленген тәртіппен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен ұйымға жүгіну құқығын көрсету; e. ұйымның қалауы бойынша өзге де мәліметтер. 6) -2. Хабарлама Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілген жағдайда жеткізілген болып есептеледі: a. Өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; b. Өтініште көрсетілген тұрғылықты жеріне тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне табыс етілген жағдайда; c. Қарыз алушының хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы. Егер хабарлама адресатқа немесе алушыға табыстау мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылса, не оны қабылдаудан бас тартуына байланысты қайтарылса, сондай-ақ осы тармақтың 6)-2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өзге байланыс құралдарын пайдаланған кезде оны қабылдау расталмаса, хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі. 7) Қарыз алушының жазбаша өтінішін карап, оған жазбаша шешім дайындауға; 8) Қарыз алушының өтініші алынған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Шарт талаптарына енгізу ұсынылған өзгерістерді қарауға;	d. указание на право заемщика обратиться в организацию с предложением о внесении изменений в договор о предоставлении микрокредита в порядке, определенном <u>пунктом 2 статьи 9-2 Закона</u>; e. иные сведения по усмотрению организации. 6) -2. Уведомление считается доставленным, если оно направлено Заемщику одним из следующих способов: a. на адрес электронной почты, указанный в Заявлении; b. по месту жительства, указанному в Заявлении, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе получено одним из совершеннолетних членов семьи заемщика, проживающим по указанному адресу; c. с использованием иных средств связи, обеспечивающих фиксирование получения уведомления Заемщиком. В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его принятия при использовании иного средства связи, указанного в п.п. 1) п. 6)-2, уведомление считается направленным надлежащим образом; 7) рассмотреть и подготовить письменное решение на письменное обращение Заемщика; 8) рассмотреть в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления Заемщика предложенные изменения в условия Договора; 9) при заключении договора, содержащего условия перехода права (требования) организации по договору третьему лицу (далее - договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя):
--	---

9) Ұйымның Шарт бойынша құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға беру туралы талап ету құқығын беру шартын (бұдан әрі – талап ету құқығын беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге: а. талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін үшінші тұлғаға құқықтардың (талаптардың) берілу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен; б. талап ету құқығын беру шарты жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) берілгені туралы Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабарлауға, бұл ретте микрокредитті өтеу бойынша кейінгі төлемдердің тағайындалуын, үшінші тұлғаның атауын және орналасқан жерін (Шарт бойынша құқық (талап) өткен тұлға), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын өзге де сомалардың қалдығын көрсетуге; 10) Заңның <u>9-2-бабы 2-тармағының</u> 1-1) тармақшасында және (немесе) 2) тармақшасында көзделген Шарт талаптарына өзгерістерді Қарыз алушы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде кемінде үш ай мерзімге енгізуге: – Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;	а. до заключения договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в договоре, либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан; б. о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в договоре либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения договора уступки права (требования) с указанием назначения дальнейших платежей по погашению микрокредита третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм. 10) внести изменения в условия Договора, предусмотренные в подпункте 1-1) и (или) подпункте 2) <u>пункта 2 статьи 9-2 Закона</u>, на срок не менее трех месяцев при подаче заявления о внесении изменений в условия договора Заемщиком: – относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях»; – пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения. Решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора, заключенного с Заемщиком, относящимся к социально уязвимым слоям населения в
---	--

– төтенше жағдай режимін енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын Қарыз алушымен жасалған Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерге келісім беру туралы шешім Қарыз алушының өтініш берген айдың алдындағы екі айдағы орташа айлық табысы, өтініш берген айдың алдындағы он екі айдағы орташа айлық кірісімен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады. 11) Екінші деңгейдегі банктен немесе өзге ұйымнан банктік шотқа Қарыз алушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ шарттардың нөмірлері мен күндері көрсетілген төлем түскен кезде, ақшаны Қарыз алушыдан мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеу туралы өтініш талап етпей-ақ, олар түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауда көрсетілген микрокредит (микрокредиттер) бойынша берешекті өтеу есебіне жіберуге міндетті. Микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеу үшін түскен сома жеткілікті болған жағдайда, Кредитор осы Шартта көзделген тәртіппен қандай да бір қосымша келісімге қол қоймастан, өзінің банктік шотына түскен сома мөлшерінде микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырады. Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Кредитор Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және цифрлық объектілер арқылы негізгі борыштың, есептелген сыйақының және тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) қалдығын көрсете отырып,	соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», принимается при условии снижения среднемесячного дохода заемщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения заемщика с заявлением, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом заемщика, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения заемщика с заявлением либо назначения адресной социальной помощи; 11) при поступлении на банковский счет от банка второго уровня или иной организации платежа с указанием сведений о Заемщике (фамилия, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер), а также номеров и дат договоров направить деньги в счет погашения задолженности по микрокредиту (микрокредитам), указанному в указании, не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты их поступления без истребования от заемщика заявления о частичном или полном досрочном погашении. При недостаточности суммы для полного досрочного погашения микрокредита, Кредитор осуществляет частичное досрочное погашение микрокредита на сумму, равную поступившей на ее банковский счет, без подписания какого-либо дополнительного соглашения, в порядке, предусмотренном настоящим Договором. В срок, указанный в абзаце первом настоящего подпункта, Кредитор уведомляет Заемщика способом, предусмотренным Договором и через цифровые объекты о полном либо о частичном досрочном погашении задолженности с указанием остатка задолженности в разрезе основного долга, начисленного вознаграждения и неустойки (штрафов, пени). 12) в случае изменения места нахождения либо изменения наименования известить об этом Заемщика путем опубликования соответствующей информации в двух печатных изданиях на казахском и русском языках по месту нахождения Кредитора, а
--	--

берешектің мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтелгені туралы хабардар етеді. 12) Орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы Қарыз алушыға Кредитордың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында жариялау арқылы хабарлауға міндетті; 13) Қарыз алушының танысуы және көруі үшін қолжетімді жерде, сондай-ақ Кредитордың интернет-ресурсында Микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін орналастыруға; 14) Қарыз алушыға микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге; 15) Қарыз алушыға микрокредитті өтеу әдісін танысу және таңдау үшін Шарт жасасқанға дейін уәкілетті мемлекеттік органның белгіленген нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес сыйақыны есептеу үшін әртүрлі әдістермен және уақытша базалармен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын Шартта белгіленген кезеңділікпен ұсынуға: - сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады; - аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы	также по юридическому адресу Заемщика в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты таких изменений; 13) разместить копию Правил предоставления микрокредитов в месте, доступном для обозрения и ознакомления Заемщиком, в том числе на интернет-ресурсе Кредитора; 14) предоставлять Заемщику полную и достоверную информацию о платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита; 15) предоставить Заемщику до заключения Договора для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита проекты графиков погашения, рассчитанных различными методами и временными базами для расчета вознаграждения согласно установленным нормативно-правовым актам уполномоченного государственного органа, с периодичностью, установленной в Договоре: - методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение; - методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других. Также Кредитором Заемщику могут быть предложены дополнительные проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных в соответствии с правилами предоставления микрокредитов Кредитора. 16) проинформировать Заемщика о его правах и обязанностях, связанных с получением микрокредита, а также
---	---

төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Сондай-ақ, Кредитор Қарыз алушыға Кредитордың микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін. 16) Қарыз алушыны оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы хабардар етуге міндетті; 17) Микрокредит беру құпиясын сақтауға міндетті; 18) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға; 19) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне Шарт бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін қамтитын кезеңге және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнге уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақы есептемей төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті. 20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер. 4. Кредиторға шектеулер 4.1. Кредитордың құқығы жоқ: 1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге; 2) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе және негізгі борыш немесе сыйақы одан кейінгі жұмыс күні төленсе, тұрақсыздық айыбын немесе өзге де айыппұл санкцияларын өндіріп алуға; 3) Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез	возможных последствиях в случае невыполнения обязательств по Договору; 17) соблюдать тайну предоставления микрокредита; 18) отказывать в предоставлении микрокредита в случаях, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма»; 19) предоставить по Договору военнослужащим срочной воинской службы отсрочку платежа по основному долгу и вознаграждению на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и 60 (шестьдесят) дней после его окончания, без начисления вознаграждения по микрокредиту в порядке, определенном уполномоченным органом. 20) иные обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан. 4. Ограничения для Кредитора 4.1. Кредитор не вправе: 1) на изменение в одностороннем порядке ставки вознаграждения (за исключением случаев их снижения) и (или) способа и метода погашения микрокредита; 2) взимание неустойки или иных видов штрафных санкций, если дата погашения основного долга или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата вознаграждения или основного долга производится в следующий за ним рабочий день; 3) установление и взимание с Заемщика любых платежей, за исключением вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) по Микрокредиту; 4) на требование выплаты вознаграждения, неустойки (штрафов, пени), начисленных по истечении 90 (девяноста) последовательных календарных дней просрочки исполнения обязательства по погашению любого из платежей по суммам основного долга и (или) вознаграждения по микрокредиту Заемщика;
--	--

келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға; 4) Қарыз алушының микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге; 5) Қарыз алушыдан Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес Кредитордың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (Шарт) жасасуға»; 6) Қарыз алушының келісімінсіз және Шарт талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға; 7) Кредиторға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге; 8) Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға; 9) кез келген валюта баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге тыйым салуды көздейді; 10) Шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау туралы өтінішті борышкердің Шартта көрсетілген мекенжайы бойынша нотариус қызмет ететін аумаққа сәйкес емес нотариусқа, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының	5) на заключение договоров, предусматривающих сотрудничество с частными судебными исполнителями для взыскания с Заемщика суммы долга по Договору, а также заключать соглашение (договор) об условиях исполнения исполнительного документа с частным судебным исполнителем, являющимся аффилированным лицом Кредитора в соответствии с пунктом 2 статьи 12-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью»; 6) на увеличение срока действия Договора, без согласия Заемщика и на условиях, не обеспечивающих сохранение либо улучшение условий Договора; 7) на требование от Заемщика, досрочно полностью или частично возвратившего Кредитору сумму микрокредита, неустойки (штрафа, пени) и другие платежи за досрочный возврат микрокредита; 8) на увеличение суммы микрокредита по Договору; 9) на индексацию обязательства и платежей по Договору, выданного в тенге, с привязкой к любому валютному эквиваленту; 10) на подачу нотариусу заявления о совершении исполнительной надписи для взыскания задолженности по Договору не по территории деятельности нотариуса в соответствии с указанным в Договоре адресом должника, а также к нотариусу, являющемуся аффилированным лицом Компании в соответствии с пунктом 2 статьи 12-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью». 5. Ответственность сторон за нарушение обязательств 5.1. Заемщик несет ответственность за надлежащее исполнение обязательств по Договору, за достоверность и подлинность
--	--

үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа беруге; 5. Міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі 5.1. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуына, Шарт жасасу үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығына жауапты болады. 5.2. Кредитордың Қарыз алушы алдындағы жауапкершілігі Кредитордың кінәсі болған кезде туындайды, ал нақты залал өтелуге жатады. Жоғалған пайда мен моральдық зиян өтелмейді. 5.3. Осы Шарт/Өтініш бойынша міндеттемелер орындалмаған/тиісінше орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу және өтелген залалдар Қарыз алушыны олардың талаптарын тиісінше орындаудан босатпайды, бұл ретте Кредитор осы Шартта және Өтініште айқындалған шараларды қабылдау және құқықтарды іске асыру құқығын өзіне қалдырады. 5.4. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар осы Шартта және / немесе Өтініште, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген жауаптылықта болады. 6. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі 6.1. Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы Өтінішті Қарыз алушы Кредиторға «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес береді. Өтініште Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілу себептері, Қарыз алушының ағымдағы табыстары, сондай-ақ Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінуіне негіз болатын өзге де мән-жайлар көрсетілуге тиіс. Өтінішке міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілуіне әкеп соқтырған мән-	представленных сведений и документов, необходимых для заключения Договора и для правильного ведения документации по микрокредиту. 5.2. Ответственность Кредитора перед Заемщиком возникает при наличии вины Кредитора, при этом возмещению подлежит реальный ущерб. Упущенная выгода и моральный вред возмещению не подлежат. 5.3. Уплата неустойки (штрафа, пени) и возмещенные убытки в случае неисполнения/ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору/Заявлению, не освобождают Заемщика от надлежащего исполнения их условий, при этом Кредитор оставляет за собой право принимать меры и реализовывать права, определенные настоящим Договором и Заявлением. 5.4. За нарушение обязательств по настоящему Договору Стороны несут ответственность, предусмотренную настоящим Договором и / или Заявлением, а также в соответствии с законодательством Республики Казахстан. 6. Порядок внесения изменений в условия договора 6.1. Заявление о внесении изменений в условия Договора подается Заемщиком Кредитору в соответствии с пунктом 2 статьи 9-2 Закона РК «О микрофинансовой деятельности». Заявление должно содержать сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательств по Договору, текущих доходах Заемщика, другие обстоятельства, которые обуславливают (обосновывают) обращение Заемщика с предложением о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита. К заявлению прилагаются документы, подтверждающие обстоятельства, повлекшие возникновение просрочки исполнения обязательства, сведения о доходах и другие обстоятельства, обуславливающие подачу заявления с предложением о внесении изменений в условия Договора.
---	---

жайларды, табыстар туралы мәліметтерді және Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтініш беруге негіз болатын өзге де мән-жайларды растайтын құжаттар қоса беріледі. 6.2. Компания Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізілуі туралы хабарлама жіберген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы Компанияға жазбаша түрде және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы және (немесе) Шартта көзделген тәсілмен төмендегілерге қатысты ұсыныспен жүгінуге құқылы: 1) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерістер; 2) шарт бойынша ай сайынғы төлемді кемінде 3 (үш) ай мерзімге шартта белгіленген мөлшерден кемінде 50 (елу) пайызға азайту; 3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру; 4) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеу арқылы жүзеге асырылады; 5) микрокредит мерзімінің өзгеруімен; 6) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою арқылы; 7) Кредиторға мүлік беру арқылы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына өтем ұсыну. 6.3. Компания Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қарыз алушы ұсынған Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарауға және қарыз алушыға Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы компания қабылдаған мынадай шешімдердің бірі туралы (туралы) жазбаша хабарлауға міндетті:	6.2. В течение 30 (тридцати) календарных дней с даты направления Компанией уведомления о возникновении просрочки исполнения денежных обязательств по Договору, Заемщик вправе обратиться в Компанию в письменной форме и (или) через объекты информатизации и (или) способом предусмотренным Договором с предложением в отношении: 1) изменения в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору; 2) уменьшения на срок не менее 3 (трех) месяцев ежемесячного платежа по Договору не менее чем на 50 (пятьдесят) процентов от размера, установленного Договором; 3) отсрочки платежей по основному долгу и (или) вознаграждению; 4) изменения метода погашения задолженности и (или) очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке; 5) изменения срока микрокредита; 6) прощения просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отмены неустойки (штрафа, пеней), связанных с обслуживанием микрокредита; 7) представления отступного взамен исполнения обязательства по договору о предоставлении микрокредита путем передачи Кредитору имущества; 6.3. Кредитор в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления Заемщика обязан рассмотреть возможность внесения изменений в условия Договора предложенных Заемщиком, и письменно сообщить Заемщику способом, предусмотренным Договором, а также через объекты информатизации об одном из следующих решений, принятых Компанией, о (об): 1) согласии внести в условия Договора о предоставлении микрокредита изменения, предложенные Заемщиком; 2) встречном предложении Компании Заемщику о внесении изменений в Договор; 3) отказе внести в условия Договора изменения, предложенные Заемщиком, с
--	---

